Қазақстан Конституциясы күні қарсаңында Елбасы Н.Назарбаев Алматыдағы резиденциясында өзінің Жарлығымен мемлекеттік наградаға ие болған бір топ адаммен кездескендігі туралы.

2854. Бейісбай С. Тағылым және тағзым /С.Бейісбай, С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2000.– 2 маусым.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні Президент Н.Назарбаев “Әділет” тарихи-ағарту қоғамы белсенділерімен кездескендігі туралы.

2855. Бектасова Г. Елбасы “Көксарай” дамуына нүкте қойды /Г.Бектасова //Түркістан.– 2008.– 10 сәуір (№14).– 1 б.

Көксарай суқоймасы салыну керектігін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев түбегейлі шешті.

2856. Бораш Қ. Астанада асқақтады Ақорда /Қ.Бораш //Егемен Қазақстан.– 2004.– 25 желтоқсан.– 1, 3 б.

Жаңа резиденцияның ашылу салтанаты жайында.

2857. Бораш Қ. Наурыз тойындағы жылы шуақ /Қ.Бораш, А.Тұрапбайұлы, М.Жақып //Егемен Қазақстан.– 2004.– 24 наурыз (№69–70).– 1, 4 б.

22 наурыз күні Елбасы Н.Назарбаев Еуразия ұлттық ун-тінде болып, оқытушылар мен студенттерді Наурыз мерекесімен құттықтағаны, одан соң Астана тұрғындары арасында болуы туралы.

2858. Бораш Қ. Өмірлік мәселелердің өзегі: Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысында талқыға түсті /Қ.Бораш //Егемен Қазақстан.– 2006.– 14 қараша (№280).– 1 б.

Ақордада Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысы туралы.

2859. Бөлдекбаев А. Бәрінен де республика мүддесі артық /А.Бөлдекбаев //Егеменді Қазақстан.– 1992.– 14 қаңтар.

Республика металлургия, химия және машина жасау кешендері өкілдерінің Президент Н.Ә.Назарбаевпен кездесуінен.

2860. Бұқарқызы Х. Еліміздің темір жолмен тасымалдау әлеуеті артады /Х.Бұқарқызы //Қазақстан теміржолшысы.– 2006.– 27 мамыр (№56).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Ақордада “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы” АҚ-ның президенті Ерлан Атамқұловты қабылдады.

2861. Бұл сұхбат – Елбасының мемлекеттік тіл туралы халыққа Жолдауы //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 1 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” сұхбатына қолдау көрсету туралы халық қалаулыларының пікірі.

2862. Бүркітбайұлы Б. Арман ақиқатқа айналды /Б.Бүркітбайұлы //Дала мен қала.– 2005.– 9 қыркүйек (№36).– 8 б.

Елбасының кіші Аралды құтқару тапсырмасы орнындағанда. Сол үшін Нұр-ағаға Сыр халқы риза.

2863. Гостев И. Қазақ тілін білетініме мақтанамын /И.Гостев; әңгімелескен М.Жұмабай //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 12 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” сұхбаты туралы.

2864. Дағдарысқа қарамастан, жақсы істер жалғасуда //Үкімет бюллетені = Правительственный бюллетень.– 2009.– №4.– 47–52 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаев “Жетіген – Қорғас” темір жол құрылысы бастамасының ашылу салтанатына қатысты.

2865. Даму стратегиясы – халық игілігі үшін /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1997.– 6 желтоқсан.– 1 б.

Н.Назарбаев желтоқсанның 5-і күні өткен Алматы облысы активінің жиналысына қатысып, активке облыстың жаңа әкімі болып тағайындалған З.Нұрқаділовті таныстырды.

2866. Дәрмағамбетұлы Ш. Президент суға жіберген сырғалы қос бекіре немесе Арал өңірінде балық кластерінің негізі қаланды /Ш.Дәрмағамбетұлы //Сыр бойы.– 2006.– 4 ақпан.– 1 б.

2867. Дәуренбеков Ж. Ауыл тағдыры – Алаш тағдыры /Ж.Дәуренбеков //Егемен Қазақстан.–2002.– 14 тамыз (№188).– 1–2 б.

Ауылды өркендету, ауылды көтеру мәселесі жайында.

2868. Дәуітұлы Ә. Наурызбай батыр жадымызда /Ә.Дәуітұлы //Президент және Халық.– 2006.– 22 қыркүйек (№38).– 2 б.

Қаскелең қаласының жанынан орнатылған Наурызбай батыр ескерткішінің ашылу салтанатында Президент Н.Назарбаевтың құттықтау сөзі.

2869. Дәуітұлы Ә. Тәуелсіздік таңы желтоқсаннан басталады /Ә.Дәуітұлы //Президент және Халық.– 2006.– 22 қыркүйек (№38).– 2 б.

Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Наурызбай батыр мен Желтоқсан оқиғасына 20 жыл толуына байланысты ескерткіштер ашылды.

2870. Дипломатиялық корпуспен кездесу өткізді //Түркістан.– 1998.– 2 желтоқсан.

ҚР Президенті Н.Назарбаев Алматыдағы өз резиденциясында республикада тіркелген дипломатиялық корпус өкілдерімен кездесу өткізгендігі туралы.

2871. Досан Ш. Мемлекеттік рәміздеріміздің мерейтойы //Ш.Досан //Астана хабары.– 2007.– 5 маусым (№93).– 1 б.

Астана төрінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен аталып өтті.

2872. Досан Ш. Нұрсұлтан Назарбаев: Азат елдің азаматы атанудан асқан бақыт жоқ //Ш.Досан //Астана хабары.– 2007.– 15 желтоқсан (№212/213).– 1–2 б.

Қазақстан Республикасы Президентінің Тәуелсіздіктің 16 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысуы.

2873. Досжан Д. Президенттің хаты //Д.Досжан //Жас алаш.– 2000.– 12 тамыз.

Жазушының Президент Н.Назарбаевтан алған хаты туралы мақаласы.

2874. Егіншібаева Н. Қазақша оқулықтарды мемлекет мойнына алса //Н.Егіншібаева //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 9 б.

Нұрсұлтан Назарбаевтың “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі келелі әңгімеге орай.

2875. Елбасы Алматы қаласының әкімін қабылдады //Алматы ақшамы.– 2008.– 29 мамыр (№60).– 1 б.

2876. Елбасы Алматыны үлгі етті //Алматы ақшамы.– 2009.– 17 қараша (№134).– 7 б.

Елбасының тікелей желі арқылы сұхбатында Алматының экологиялық ахуалын жақсарту, үлескерлер, қаржы мәселелерін атап өтуі.

2877. Елбасы Астана мен Алматы қалаларының әкімдерін ауыстырды //Қазақ.– 2008.– 11 сәуір (№15).– 1 б.

2878. Елбасы қабылдады //Егемен Қазақстан.– 2004.– 14 мамыр (№123/124).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың “ҚазМұнайГаз” АҚ президенті Ұзақбай Қарабалинді қабылдауы туралы.

2879. Елбасы қабылдады //Егемен Қазақстан.– 2006.– 10 қазан (№242/245).– 1 б.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевті қабылдады.

2880. Елбасы қабылдады //Егемен Қазақстан.– 2006.– 14 наурыз (№58).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Есімовті қабылдады.

2881. Елбасы қабылдады //Егемен Қазақстан.– 2007.– 10 сәуір (№89).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздің қоғамдық және саяси қайраткерлерін қабылдады.

2882. Елбасы қабылдады //Егемен Қазақстан.– 2007.– 29 тамыз (№273/276).– 1 б.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Астана қаласының әкімі А.Мамин мен Энергетика және минералдық ресурстар министрі Сауат Мыңбаевты қабылдады.

2883. Елбасы “Қазақстан қағазы” комбинатында //Жетісу.– 2006.– 19 қыркүйек.– 2 б.

2884. Елбасы облыс әкімі Шалбай Құлмахановты қабылдады //Жетісу.– 2004.– 10 ақпан.– 1 б.

2885. Елбасы – “ТұранӘлемБанктің” құрметті қонағы //Жас алаш.– 2000.– 15 маусым.
“ТұранӘлемБанктің” Астана бөлімшесінің жаңа офисіне алғашқы қонағы болып Президент Н.Назарбаев келгендігі жайында.

2886. Елемесов К. Ауылдар Елбасы қамқорлығына көшті /К.Елемесов //Дала мен қала.– 2009.– 14 желтоқсан (№49/50).– 9 б.
“Тәуелсіздік туы астында не тындырдық?”– деген сауалға ҰҒА академигінің жауабы.

2887. Ел еңселі болсын десек...//Егемен Қазақстан.– 2001.– 21 желтоқсан (№293/294).– 2, 3 б.
Елбасының Қазақстан зиялы қауым өкілдерімен кездесуінен.

2888. Еліміздің мерейі өсіп, беделі артып келеді //Егемен Қазақстан.– 1997.– 11 желтоқсан.

Президент Н.Назарбаевтың Алматыдан жаңа астана Ақмолаға аттанар алдында өткізген баспасөз мәслихатынан.

2889. Еңсені көтерген әңгіме //Айқын.– 2008.– 3 қыркүйек.– 1–2 б.

Парламенттің 2-сессиясын ашарда Президентіміз осынау мазасыз кезеңнің негізгі сұрақтарына нақты жауап берді.

2890. Ертай Е. “Қазақ қызына үйленер ем, қалың малы қинап тұр” /Е.Ертай //Заң газеті.– 2006.– 15 желтоқсан (№217).– 1–2 б.

Елбасы Н.Назарбаевтың мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың мемлекеттік тілді меңгерген ұлты қазақ емес жас қызметкерлерімен кездесуі жайында.

2891. Есали А. Алматының ажарын айшықтаған ауқымды істер /А.Есали //Егемен Қазақстан.– 2007.– 4 тамыз (№230/231).– 1, 4 б.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Алматы қаласын, қазақстандықтардың өмірін сапалық жағынан жақсарту жөнінде алға қойылған мәселелерді жүзеге асыру барысымен танысты.

2892. Есали А. Елбасы ақынды асқақтатты /А.Есали //Егемен Қазақстан.– 2006.– 12 мамыр (№104).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Алматыдағы резиденциясында ақын Олжас Сүлейменовті қабылдап, омырауына “Отан” орденін тақты.

2893. Есали А. Елбасының сәлемін жеткізді /А.Есали //Егемен Қазақстан.– 2004.– 12 мамыр (№112).– 2 б.

Қоғам және мемлекет қайраткері Исмаил Юсуповтың 90 жылдық меретойына байланысты Елбасының құттықтауын қала әкімі В.Храпуновтың жеткізуі жайлы.

2894. Есали А. Ел еңсесін еңкейтпеген ерлер /А.Есали //Егемен Қазақстан.– 2006.– 11 мамыр (№103).– 1 б.

Ұлы Жеңістің 61-ші көктемін ардагерлеріміз Елбасы Н.Назарбаевпен бірге қарсы алып, Мәңгілік алауға гүлшоқтарын қойды.

2895. Жағыпарұлы Ж. Алдымызда алатаудай асқаралы міндет тұр /Ж.Жағыпарұлы //Егеменді Қазақстан.– 2010.– 24 ақпан (№69/72).– 1 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаев халықпен пікір алысу мақсатында өңірлерді аралап қайтқан халық қалаулыларын қабылдады.

2896. Жаңа марка жарыққа шықты //Ваш ТрансКурьер.– 2002.– сәуір (№4).– 1 б.

“Қазпошта” ашық акционерлік қоғамы “Космонавтика күні” сериясынан екі пошта маркасын айналымға енгізген айтулы күні ҚР Президенті Н.Назарбаев Алматы қаласындағы

резиденциясында халықаралық ғарыш сапарына қатысушылар – ұшқыш Т.Мұсабаев пен алғашқы ғарыштық турист Д.Титомен кездесті.

2897. Жарқынбек О. Елбасыға елден келді /О.Жарқынбек //Егемен Қазақстан.– 1999.– 23 шілде.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ел азаматтарын қабылдауы туралы.

2898. Жарылқасын С. Астана – жасампаздық белестің биігі /С.Жарылқасын //Астана хабары.– 2005.– 29 қараша (№174).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаев елордадағы бірқатар халыққа қызмет көрсету мекемелерінде болды.

2899. Жәмкенұлы С. Ескерткішке тағзым етіп, қаланы аралады /С.Жәмкенұлы //Егемен Қазақстан.– 1998.– 2 маусым.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Астана қаласындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған мемориалға гүлшоғын қойып, қаланы аралағандығы туралы.

2900. Жексембин Б.Б. Бәрі халық игілігі үшін /Б.Б.Жексембин //Ақ жол.– 2005.– 27 қыркүйек.– 1–2 б.

ҚР Президентіне 2005 жылғы 24 тамыз күні “тікелей эфирде” берілген сұрақтар бойынша Жамбыл облысы әкімінің облыс халқы алдындағы есебі.

2901. Жексенбаев С. Өмірзақ Шөкеев: “Елбасы Оңтүстікті стратегиялық облыс санайды” /С.Жексенбаев //Оңтүстік Қазақстан.– 2008.– 24 шілде (№110).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен вице-премьердің Оңтүстікке келуі туралы.

2902. Желтоқсан оқиғасы //Евразия-kz.– 2006.– 2 маусым (№22).– 6–7 б.; Атамекен-ай.– 2006.– №6.– 2 б.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Н.Сабильяновтың саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің басшылары, Парламент депутаттары, қоғам және ғылым қайраткерлері атынан Елбасына жолдаған Үндеуі.

2903. Жер абаттанса – ел ауқаттанады //Егемен Қазақстан.– 2002.– 13 тамыз (№187).– 2 б.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жекешелендіру, жалға немесе түбегейлі түрде сатып беру туралы Елбасы көтерген мәселе жөнінде оқырмандар мақаласынан топтама.

2904. Жер тағдыры – ел тағдыры //Түркістан.– 2002.– 24 қазан (№43).– 12 б.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің алғашқы мәжілісінде Президент Н.Назарбаевтың қатысып, сөз сөйлегені жайында.

2905. Жобалар жүзеге асуда //Президент және Халық.– 2007.– 6 сәуір (№14).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаев Павлодар облысының әкімі Қ.Нұрпейісовті қабылдады.

2906. Жолдасбеков М. Басталуы бар игі істің, тоқталуы болмасын /М.Жолдасбеков //Қазақ әдебиеті.– 2006.– 10–16 қараша (№45).– 3 б.

Қазақстан халықтары Ассамблеясында Елбасының сөйлеген сөзі тіл мәселесіне жаңа серпін берді.

2907. Жоямергенқызы Н. Н.Ә.Назарбаев: Талдықорғанды дамыту – халықтың мүддесі /Н.Жоямергенқызы //Жас алаш.– 2001.– 17 сәуір (№46).– 2 б.

Елбасының Талдықорғанды облыс орталығы деп жариялар алдында Талдықорғанға журналистік сараптама.

2908. Жұмабай М. Маяны тележүргізуші еткен – қазақ тілі /М.Жұмабай //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 13 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы.

2909. Жұмабекұлы С. Наурыз-той өтті дүркіреп... /С.Жұмабекұлы //Президент және Халық.– 2006.– 24 наурыз (№12).– 1 б.

Алматы қаласындағы Наурыз мейрамының ашылу салтанатында Елбасы Н.Назарбаев күллі қазақстандықтарды Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтады.

2910. Жұмажан Б. Алматы Орта Азияның күретамырына айналады /Б.Жұмажан //Ел.– 2006.– 22 наурыз (№11–12).– 2 б.

Елбасы Н.Назарбаев Алматының Бас жоспарымен танысып, биылғы өз Жолдауында айтылғандай, қаланы Орталық Азияның іскерлік және қаржы орталығы ретінде дамытуға байланысты өзекті мәселелерге кең сипаттама берді.

2911. Жүсіп Н. Күн тәртібіндегі келелі үш мәселе /Н.Жүсіп //Жас алаш.– 1997.– 28 қаңтар №11.– 1 б.

Президент Н.Назарбаев төрағалық еткен Премьер-министрден бастап облыс әкімдеріне дейін қатысқан кеңесте жалақы және зейнетақы төлеу, жекешелендіру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселелері қаралды.

2912. Жылқыбаева А.Ш. Нұрсұлтан Назарбаев – тіл саясаткері /А.Ш.Жылқыбаева //Основы имиджологии на примере первого Президента /Под общ. ред. А.М.Газалиева.– Усть-Каменогорск, 2007.– 82–86 б.

2913. Замана зиялылар зердесінде /Дайындаған М.Төлепберген //Егемен Қазақстан.– 2004.– 23 қазан (№262).– 2 б.

21 қазандағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың зиялы қауым өкілдерімен кездесуі туралы.

2914. Захарченко И. Ақмолалықтар сенімді /И.Захарченко //Егемен Қазақстан.– 1995.– 19 тамыз.

Н.Назарбаевтың Ақмола қаласында жергілікті әкімдермен кеңес өткізгендігі туралы.

2915. Зиялы қауым өкілдерін қабылдады //Егемен Қазақстан.– 2001.– 14 желтоқсан (№285–289).– 1 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың зиялы қауым өкілдерімен әңгімесі жайында.

2916. Исабеков Д. Күдік сейіліп, тұман айыға бастады /Д.Исабеков //Егемен Қазақстан.– 2002.– 13 сәуір (№80).– 1 б.

Үкімет басына Иманғали Тасмағамбетовті тағайындау арқылы Президентіміз үлкен саяси көрегендік жасады.

2917. Исабеков Д. “Сапырылысқан сан сауалға сындарлы жауап” /Д.Исабеков //Жас алаш.– 2004.– 30 қазан (№130).– 1, 5 б.

Президент Н.Назарбаевтың зиялы қауым өкілдерімен өткізген кездесуі туралы.

2918. Кәпқызы Е. Нұрсұлтан Назарбаев: Тіл – кез келген мемлекеттің ұлттық саясатының өзегі /Е.Кәпқызы //Түркістан.– 2006.– 2 қараша (№44).– 1 б.

2919. Кәпқызы Е. Отаныңа орал, оралман! /Е.Кәпқызы //Түркістан.– 2008.– 29 мамыр (№22). – 1 б.

Мемлекеттік тіл, оралмандар мәселесі, ауыл шаруашылығы секторы Елбасы мен сенаторлар әңгімесінің арқауына айналды.

2920. Кәпқызы Е. Президент мемлекеттік қызметкерлердің міндетін айқындады /Е.Кәпқызы //Түркістан.– 2004.– 15 сәуір (№16).– 1 б.

Сәуірдің 13-інде Астанада Президент Н.Назарбаев пен Премьер-министр Д.Ахметовтің қатысуымен мемлекеттік қызмет саясатын жетілдіру жөнінде талқылаулар болып өткені жайында.

2921. Кенжалин Д. Нұрсұлтан Назарбаев: Мемлекет пен халықты ұлттық мүдде тұрғысынан ұйыстыру – ұлы міндет /Д.Кенжалин //Егемен Қазақстан.– 2008.– 18 маусым (№180–181).– 1, 2 б.

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен “Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы мемлекеттік қызметтің рөлі” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болды.

2922. Кенжалин Ж. Ел тағдыры еріккеннің ермегі емес /Ж.Кенжалин, Т.Сылдырбайұлы //Қазақ әдебиеті.– 1999.– 2 сәуір (№14).– 1, 3 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы.

2923. Көксарай суқоймасы салынады //Егемен Қазақстан.– 2008.– 8 сәуір (№103–104).– 1 б.

Үкімет үйінде Президент Н.Ә.Назарбаев елдің оңтүстігінде Көксарай суқоймасын салу мәселесі бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

2924. Көксарай шығыры көңілден шығады //Сыр бойы.– 2008.– 12 қараша.– 1 б.

Елбасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы аталмыш су тоспасы құрылысының жұмысымен танысты.

2925. Көркембаев Р. Қазақстандық патриотизм немесе оның қалыптасу жолдары /Р.Көркембаев //Семей таңы.– 2009.– 30 шілде (№30).– 3 б.

Елбасы Жолдауындағы қазақстандық патриотизм идеясы жөнінде.

2926. Қабылдинов З. Бар қазақ атажұртта басын қосса... /З. Қабылдинов; әңгімелескен С.Мәмет //Егемен Қазақстан.– 2010.– 3 наурыз (№80/81).– 5 б.

Тарих ғылымдарының докторы, профессордың Н.Назарбаевтың елдік іс жөніндегі сардал саясаты жайындағы ой толғамдары.

2927. Қадыр Д. Әкелер рухы жүрегімізде! /Д.Қадыр //Президент және Халық.– 2008.– 9 мамыр (№19).– 1 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Ұлы Жеңіс күні қарсаңында соғыс ардагерлерімен кездесуі, Отан қорғаушылар күніне орай жауапты шептерде жүрген, еңбегімен, ерліктерімен көзге түскен азаматтарды марапаттауы.

2928. Қадыр Д. Мемлекеттік бағдарлама қалай орындалуда? /Д.Қадыр //Президент және Халық.– 2008.–18 сәуір (№16).– 2 б.

Республика Үкіметінің Елбасы алдында индустриялық-инновациялық бағдарламаның орындалуы туралы есебі.

2929. Қадырбай Е. Мемлекеттік кадр саясаты /Е.Қадырбай //Астана хабары.– 2004.– 13 сәуір (№48).– 1 б.

Елбасының қатысуымен елордада өткен республикалық кеңестегі талқыланған мәселелер туралы.

2930. Қажыгелдин Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа: 1997 жыл 28 сәуір /Ә.Қажыгелдин //Қазақ әдебиеті.– 1997.– 6 мамыр (№18).– 2 б.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру жөніндегі ҚР Президентінің Жарлығына орай.

2931. Қазақ әдебиетінің ақсақалдарымен кездесу /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1994.– 7 мамыр.

Н.Назарбаевтың республикаға белгілі жазушылардың бір тобымен кездесуі туралы.

2932. Қазақстан – достықтың, шаттықтың мекені //Егемен Қазақстан.– 2005.– 4 мамыр (№92–93).– 1 б.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесінің тойлануына Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуы туралы.

2933. Қазақстанды “кері кетіруге асықпайық” //Егемен Қазақстан.– 2003.– 19 қараша (№301).– 2 б.; Алматы ақшамы.– 2003.– 25 қараша (№132).– 2 б.

“Егемен Қазақстан” газетінің сұрақтарына Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаев жауап қайтарды.

2934. Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосылу идеясы = Идея вхождения Казахстана в число 50 конкурентоспособных стран /“Этносаяси және гуманитарлық зерттеулер орталығы” Қоғамдық қоры.– Алматы: Саға, 2007.– 120 б.– Қазақ, орыс тілдерінде.

2935. Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі: Елбасымыздың бес басылым басшысына берген сұхбатындағы осы сөз әр азаматтың жадында жүргені жөн //Егемен Қазақстан.– 2008.– 17 маусым (№178/179).– 2 б.

Әрі ардақты, әрі салмақты парыз; Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру: мақалалар топтамасы.

2936. Қазақтың хас батыры Қасым да өтті өмірден..: Халық Қаһарманы, партизан-жазушы Қасым Қайсеновтың қазасына байланысты естелік мақалалар топтамасы. //Әдебиет айдыны.– 2007.– 11 қаңтар (№1).– 10–11 б.

Мақалада Елбасы Н.Назарбаевтың марқұм Қ.Қайсеновтың отбасы мен туған-туыстарына жолдаған Жеделхаты берілген.

2937. Қайратұлы Б. Ақын айтқан адал сөз немесе Президенттің ел ақсақалдарын қабылдауы демократиялық үрдістің жаңа сабақтастығы болды /Б.Қайратұлы //Астана ақшамы.– 2001.– 26 шілде (№87).– 2 б.

Ақын Н.Ораздың Елбасымен жүздесуі туралы.

2938. Қайсенов Қ. Елбасы алдындағы ашық сөз /Қ.Қайсенов //Егемен Қазақстан.– 1997.– 2 қыркүйек.

Президент Н.Назарбаевтың қабылдауында болғандағы республиканың ішкі өміріндегі келеңсіз жағдайлар туралы ашық сөз.

2939. Қайырбергенұлы С. Жаңа Алматының “беташары” болмақ /С.Қайырбергенұлы //Столич. обозрение.– 1997.– 7 қараша.

Президент Н.Назарбаевтың “Алматы қаласына арнайы статус беру” жөніндегі Жарлығына орай.

2940. Қалдарбек Найманбаев: Жазушы, 1936–2004 жж.: Некролог /Қол қойғандар: ҚР Президенті Н.Назарбаев; ҚР Ақпарат мин-лігі; ҚР Мәдениет мин-лігі; Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі; Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы; Қазақстан Жазушылар одағы // Алтын бесік.– 2004.– №5.– 14–15 б.

2941. Қалматаев М. Бізге бәрінен де ел тағдыры қымбат /М.Қалматаев //Әдебиет айдыны.– 2008.– 12 маусым (№24).– 6 б.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ауған соғысы ұйымдары “Қазақстан ардагерлері” қауымдастығының төрағасы, республикалық “Сауап” қоғамдық қорының президенті Б.Смағұлды қабылдады.

2942. Қалымбайұлы Е. Бізге жетістіктерге токмейілсуге болмайды: дейді Елбасы Н.Назарбаев /Е.Қалымбайұлы //Айқын.– 2008.– 20 қараша.

2943. Қаңтарбаев Ә. Елбасы нұсқауы және мемлекеттік тіл /Ә.Қаңтарбаев //50 де 50.– 2007.– 2 ақпан (№4).– 4 б.

2944. Қарашин Ә. Көш ілгерілеп барады /Ә.Қарашин //Ақиқат.– 2005.– №11. – 6–8 б. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ішкі саясаты.

2945. Қасқабасов С. Нұрсұлтан Назарбаев: Шира, қазақ!: Елбасының бір топ қазақ тілді газеттерге берген сұхбатындағы осы сөз – қастерлі қағидат /С.Қасқабасов; әңгімелескен Қ.Аманжол //Егемен Қазақстан.– 2008.– 7 маусым (№168/169).– 2 б.

Филология ғылымдарының докторы, академикпен ел бірлігі мен мұраты туралы сұхбат.

2946. Қонысбай Қ. Мемлекет те дүниенің бір кірпіші /Қ.Қонысбай //Экономика.– 2009.– 28 мамыр–3 маусым (№14).– 1, 4 б. Елбасы және ел мұраты.

2947. Қоңыратова Ж. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің сағаттарын көбейтуді Үкімет қолға алса /Ж.Қоңыратова, Г.Сыздықбаева //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 12 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы.

2948. Қосымбай М. Елбасыдан алғыс хат /М.Қосымбай //Егемен Қазақстан.– 2000.– 18 наурыз.

Президент Н.Назарбаевтың “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ-ның директоры С.Қырымқұловқа арнайы жазған алғыс хаты туралы.

2949. Қуанышбекқызы Ж. Әр аймақтан келген әр кәсіп иесін қабылдады /Ж.Қуанышбекқызы //Егемен Қазақстан.– 2000.– 16 ақпан.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Алматы қаласындағы резиденциясында республикадағы әр түрлі салада еңбек етіп жүрген бір топ адамды қабылдағандығы туралы.

2950. Қуанышбекқызы Ж. Қоғамның рухани болмысы /Ж.Қуанышбекқызы //Егемен Қазақстан.–1998.– 11 қыркүйек.

10 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев шығармашылық одақтардың басшыларымен кездесті.

2951. Қуат Д. Бірлікке бәсеке болмайды /Д.Қуат //Алтын орда.– 2007.– 18–24 мамыр (№20).– 4 б.

Елбасы Н.Назарбаевтың екі саяси партияның жетекшілері Ә.Бәйменов пен Ж.Тұяқбайды қабылдауы жайында.

2952. Қуғын-сүргін қайталанбауға тиіс /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1997.– 31 мамыр.

Президент Н.Назарбаевтың өз резиденциясында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ардагерлердің бір тобымен кездескендігі туралы.

2953. Құл-Мұхаммед М. Сыр өңірі әрдайым Елбасы қамқорлығында болады /М.Құл-Мұхаммед //Сыр бойы.– 2007.– 20 қараша.– 1–3 б.

Облыс әкімінің “Қазақстан – Қызылорда” телеарнасындағы БАҚ өкілдерімен сұхбаты.

2954. Құлманбай Ә. Астананың мерейтойын өткізу елорданың жаңа әкіміне үлкен жауапкершілік жүктейді /Ә.Құлманбай //Егемен Қазақстан.– 2008.– 5 сәуір (№102).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев қалалық мәслихаттың келісімімен Астананың әкімі қызметіне тағайындалған Иманғали Тасмағамбетовті елорда активіне таныстырды.

2955. Құлманбай Ә. Астық және абырой /Ә.Құлманбай //Егемен Қазақстан.– 1999.– 21 тамыз.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қарағанды және Ақмола облыстарының диқандарымен кездескендігі туралы.

2956. Құлманбай Ә. Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз: ауылға арналған алқалы жиын Елбасы Жолдауымен үндесті /Ә.Құлманбай, Ә.Әліпбай //Егемен Қазақстан.– 2007.– 6 наурыз (№59/60).– 1, 3 б.

Үкімет үйінде Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша республикалық кеңес болып өтті.

2957. Құлманбай Ә. Жеңіс солдаттары қандай құрметке де лайық /Ә.Құлманбай //Егемен Қазақстан.– 2004.– 12 мамыр (№112).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаевтың Жеңіс күніне орай Елордадағы Отан қорғаушылар монументіне гүл қою рәсіміне қатысуы жайында.

2958. Құлманбай Ә. Қарсы алды байтақ ел қаһармандар парадын! /Ә.Құлманбай, Ә.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2005.– 11 мамыр (№100/101).– 1, 3 б.

Астанада Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған салтанатты шеру Елбасы Н.Назарбаевтың Отан қорғаушылар ескерткішіне гүлшоқтарын қойып, тағзым етуімен басталды.

2959. Құлманбай Ә. Мемлекеттік наградалар тапсырды /Ә.Құлманбай //Егемен Қазақстан.– 2003.– 14 желтоқсан (№325).– 1–2 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ҚР азаматтарының үлкен тобына мемлекеттік наградалар мен жоғары әскери атақтарды салтанатты жағдайда тапсырды.

2960. Құлманбай Ә. Мұнайлы Маңғыстаудағы өркенді өзгерістер: Елбасы белгілеген мемлекеттік саясаттың дұрыстығы мен өміршеңдігін көрсетеді. /Ә.Құлманбай, Ж.Бошалақ //Егемен Қазақстан.– 2005.– 24 мамыр (№111).– 1, 2 б.

2961. Құлманбай Ә. Орман отырғызу әр отбасының назарында болуы тиіс /Ә.Құлманбай //Егемен Қазақстан.– 2006.– 26 мамыр (№114).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев елорда маңындағы “Жасыл аймақ” республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қарасты “Ақ қайың” орман тұқымы бағында және Қосшы

ауылындағы “Асыл түлік” республикалық асыл тұқымды мал шаруашылығы орталығында болып, жүзеге асырылған жұмыстармен танысты.

2962. Құлкенов М. “Қазақмыс” корпорациясын құру Елбасы Н.Назарбаевтың отандық өнеркәсіпті дамытудағы ең сәтті шешімдерінің бірі болды /М.Құлкенов //Ана тілі.– 2005.– 17–23 қараша (№46).– 1, 5 б.

2963. Құрмашев Е. Дөңгелек үстел арқауы – Елбасы сұхбаты /Е.Құрмашев //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 9 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы Қазақ аграрлық ун-тіндегі келелі әңгіме.

2964. Құсайынов К. Елбасы жұрттың ойындағысын дөп басты /К.Құсайынов; әңгімелескен Д.Белдеубайұлы //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 6 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы.

2965. Құттаяқов Ш. Ел мүддесі – түбегейлі реформа мен жарасымды келісім: Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жоғарғы Кеңес мәжілісінде сөйлеген сөзі мен Парламентке жолдауы қоғамдық пікірлер тасқынын туғызуда /Ш.Құттаяқов //Егемен Қазақстан.– 1994.– 30 маусым.

2966. Құттықадам С. Нұрсұлтан Назарбаев – Олжас Сүлейменов: ынтымақтан бастап бәсекеге шықты /С.Құттықадам //Халық конгресі.– 1994.– 16 қараша.

Саяси тартыс туралы.

2967. Қыдыр Е. “Жездем әкім болды, мен де жерде қалмаспын” деген пиғыл іске аспайтын түрі бар. Елбасы кадр саясатын реформалауға кірісті /Е.Қыдыр //Егемен Қазақстан.– 1998.– 21 қазан (№207).– 2 б.

Президент Н.Назарбаевтың кадр саясатын реформалау жұмыстары туралы.

2968. Қыдыр Е. Төртінші билік, төрге шық /Е.Қыдыр //Егемен Қазақстан.– 1998.– 17 қазан.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың еркін баспасөздің өрісін кеңейту туралы ұсынысы жайлы.

2969. Қырғызбай Ө. Нұрсұлтан Назарбаев: Наурыз құтты болсын, әзіз халқым! /Ө.Қырғызбай //Алматы ақшамы.– 2006.– 25 наурыз (№33/34).– 1–2 б.

2970. Қыстаубайұлы З. Күріштің арқасында күрмек су ішеді /З.Қыстаубайұлы //Айғақ.– 2008.– 24 қыркүйек (№38).– 3 б.

Президентіміз Н.Назарбаев облысымызда болған су тасқынына қатысты “зардап шеккен бірде-бір үй назардан тыс қалмасын” деген еді.

2971. Ләмбеков С. Сенімге қылау түсірмейік /С.Ләмбеков //Орталық Қазақстан.– 1991.– 27 қараша.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұстанған ішкі және сыртқы саясаты туралы.

2972. Логутов Н. Заңды құбылыс /Н.Логутов //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 10 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбатынан.

2973. Лунев Г. Әрекет еркіндігі жоғары жауапкершілік сезімін талап етеді /Г.Лунев //Егемен Қазақстан.– 1995.– 23 ақпан.

ҚР Президенті Н.Назарбаев Көкшетау және Қызылорда облыстары әкімдері Қ.Жұмабаев пен С.Шаухамановтың реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі үкіметтің бағдарламасы мен іс қимыл жоспарының орындалуы туралы есебін тыңдағандығы жайында.

2974. Лунев Г. Н.Назарбаев: экологияны жеке-дара қорғау мүмкін емес /Г.Лунев //Егемен Қазақстан.– 1995.– 21 қыркүйек.

2975. Майдангерлер ордендерін тақты... /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1995.– 26 сәуір.
1995 жылы 25 сәуірде Президент Н.Назарбаев Алматыда тұратын Кеңес Одағының Батырларымен және Даңқ орденінің толық иегерлерімен кездескендігі туралы.

2976. Максұтұлы О. Елбасы: Аралға көмектесем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын /О.Максұтұлы //Сыр бойы.– 2006.– 10 қаңтар.– 2–3 б.; Егемен Қазақстан.– 2006.– 25 қаңтар (№20/23).– 3 б.

Мазм.: Осыдан он бес жыл бұрын; Құрдымға кеткенің бе, қайран Арал; Назарбаев не деп еді?; 23 сәуір. Ертең Жоғарғы Кеңес сессиясы; Тұңғыш Президент; Бірінші қайырым; Екінші қайырым; Елден ерек жобаның бастауы.

2977. Масалиев Н. Дөңгелек үстел арқауы – Елбасы сұхбаты /Н.Масалиев //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 9 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы Қазақ аграрлық ун-тіндегі келелі әңгіме.

2978. Махамбет М. Жеңімпаз елдің жеңіс парады /М.Махамбет //Қазақстан сарбазы.– 2005.– 9 мамыр (№18/19).– 1–2 б.

Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналған Елордадағы әскери шеруде Елбасы Н.Ә.Назарбаев соғыс ардагерлерін құттықтап, сөз сөйледі.

2979. Мәди А. Нұрсұлтан Назарбаев: Мемлекеттік қызметтегі жұрт мемлекетке қызмет етсін /А.Мәди //Алматы ақшамы.– 2006.– 27 шілде (№87).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаев Қауіпсіздік кеңесінің арнаулы тобы мүшелерімен кеңес өткізді.

2980. Мәмет С. Наурыз – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мейрам /С.Мәмет //Егемен Қазақстан.– 2005.– 24 наурыз (№59).– 1, 3 б.

Астана қаласында “Думан” ойын-сауық орталығында Президент Н.Назарбаевтың қазақстандықтарды Наурыз мерекесімен құттықтауы туралы.

2981. Мәмет С. Нұрсұлтан Назарбаев: Біз жеңімпаз ұрпақтың жалғасымыз /С.Мәмет //Егемен Қазақстан.– 2003.– 13 мамыр.

Елбасы 9 мамыр күні Ұлы Жеңістің 58 жылдығы құрметіне орай елордадағы Отан-Ана ескерткішіне гүлшоқтарын қойып, жауынгерлер рухына тағзым етті.

2982. Мәсімов К. “Назарбаевтың нұсқасы”: Жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудан ХХІ ғасырда Қазақстанды жан-жақты жаңарту және оның тұрлаулы прогресі мен көркеюін қамтамасыз ету жолында /К.Мәсімов //Астана хабары.– 2007.– 13 желтоқсан (№210/211).– 1, 3 б.; Алматы ақшамы.– 2007.– 15 желтоқсан (№151/152).– 1, 3 б.

2983. Медетбек Т. Ер жігіттің ішінде ат басындай шер өсер /Т.Медетбек //Егемен Қазақстан.– 2005.– 14 желтоқсан (№280).– 3 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев, жалпы ішкі саясат туралы.

- 2984.** Мелдеш Ғ. Жолдың өзі – саясат /Ғ.Мелдеш //Түркістан.– 2000.– 4 тамыз.
Президент Н.Назарбаевтың “Алматы – Астана” жол учаскесінің құрылысын аралағандығы туралы.
- 2985.** Мелдеш Ғ. Нұрсұлтан Назарбаев: “Қорқатын еш нәрсе де жоқ, мемлекеттің бағыты дұрыс” /Ғ.Мелдеш //Жас алаш.– 1997.– 8 ақпан.
ҚР Президентінің саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесуінен.
- 2986.** Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Үкімет жетекшілерімен 2009 жылдың 1-жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындылары бойынша кеңес өткізді //Алаш орда.– 2009.– 31 шілде (№31).– 1, 2 б.
- 2987.** Мемлекет пен халықты ұлттық мүдде тұрғысынан ұйыстыру – ұлы міндет //Үкімет бюллетені = Правительственный бюллетень.– 2008.– №3.– 55–63 б.
Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен өткен “Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы мемлекеттік қызметтің рөлі” атты ғылыми конференция жайында.
- 2988.** Мемлекет саясатына – елдің қолдауы //Егемен Қазақстан.– 2000.– 20 желтоқсан.
ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2000 жылы 13 желтоқсанда “Хабар” телеарнасында және 15 желтоқсанда “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған сөзіне лебіздер.
- 2989.** Мемлекеттік тіліміздің мерейі өсе берсін /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1996.– 21 қараша (№226).– 1 б.
Президент Н.Назарбаевтың Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының Алматыда ашылатын III Құрылтайына қатысушыларға құттықтау жолдағандығы туралы.
- 2990.** Мусин Ч. Демократиялық қатынастардың дамуы /Ч.Мусин //Ақиқат.– 2000.– №7.– 18–26.
Президент Н.Назарбаевтың ішкі саясаттағы қайраткерлігі.
- 2991.** Мұқаштегі М. Вагон жөндеу ісіндегі серпіліс /М.Мұқаштегі //Алматы ақшамы.– 2001.– 30 тамыз (№98).– 1 б.
Елбасы Н.Назарбаев Алматы қаласындағы вагон жөндеу зауытында болып, жаңа кәсіпорынның ашылуына қатысуы туралы.
- 2992.** Мұқияев О. Алыстағы ағайынды алдыртқан /О.Мұқияев //Егемен Қазақстан.– 2008.– 1 желтоқсан (№366).– 4 б.
Елбасы Н.Назарбаевтың Мемлекеттік көші-қон саясаты туралы.
- 2993.** Мұса С. Астана темір жол бекеті қайта жаңғыртылды /С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2003.– 13 желтоқсан (№324).– 1 б.
Темір жол бекетінің ашылу салтанатына Президент Н.Ә.Назарбаев қатысты.
- 2994.** Мұса С. Елім дегендерге есік ашық /С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2001.– 14 желтоқсан (№285–289).– 1 б.
Н.Назарбаевтың оралмандар өкілдерімен кездесуі туралы.
- 2995.** Мұса С. Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды /С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2001.– 28 наурыз (№66).– 1 б.
Республиканың әр түпкірінен келген бес қазақстандық Мемлекет басшысының қабылдауында болды.

2996. Мұса С. Молшылық мақсатындағы іс /С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2004.– 6 ақпан (№27–28).– 1 б.

Президент Н.Назарбаев бір топтың ардагерлерін “Тыңға – 50 жыл” мерекелік медалімен марапаттады.

2997. Мұса С. Түркілерге ортақ Түркістан /С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2000.– 25 сәуір.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына дайындық барысымен танысқандығы жайында.

2998. Мұса С. Уақыт көшінен қалмау өмір талабы /С.Мұса //Егемен Қазақстан.– 2000.– 1 желтоқсан.

Н.Назарбаевтың ел азаматтарын қабылдауынан.

2999. Мұхамеджанова А. Қариясы бар елдің қазынасы бар /А.Мұхамеджанова //Егемен Қазақстан.– 2001.– 20 сәуір.

Елбасы Н.Назарбаевтың ардагерлермен кездесуі.

3000. Мұхамеджанова Ә. Ішкі саясаттың маңызды мәселелері /Ә.Мұхамеджанова; әңгімелескен А.Батталова //Сыр бойы.– 2008.– 15 тамыз.– 2 б.

Облыстық Ішкі саясат басқармасының бастығымен Елбасы өткізген кеңес жайында сұхбат.

3001. Мұхамедов М. Кемел келешек кепілі /М.Мұхамедов //Сыр бойы.– 2009.– 29 тамыз.– 2 б.

Елбасының ҚР Конституциясын қабылдау барысындағы жұмыстары туралы.

3002. Мұхтаров Б. Елбасы “Жетіген – Қорғас” темір жолының қадасын қақты /Б.Мұхтаров, Б.Әшімов //Алаш айнасы.– 2009.– 4 тамыз (№130).– 1, 2 б.

3003. Мүсіреп Ғ. Елбасы ардагерлермен кездесті /Ғ.Мүсіреп //Егемен Қазақстан.– 1996.– 14 қараша.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың республика ардагерлерінің кезекті съезі қарсаңында облыстық ардагерлер ұйымының төрағаларымен кездескендігі туралы.

3004. Мүсіреп Ғ. Жылқы жылы құт болғай! /Ғ.Мүсіреп //Егемен Қазақстан.– 2002.– 26 наурыз (№66).– 1 б.

Еліміздің бас қалалары Астана мен Алматыда өткен Наурыз мерекесінде Мемлекет басшысы Н.Назарбаев алаңға жиналған жұртшылықты шын жүректен құттықтағандығы туралы.

3005. Мүсіреп Ғ. “Кәсіподақ – мемлекеттің негізгі тірегінің біріне айналуға тиіс” /Ғ.Мүсіреп //Егемен Қазақстан.– 1997.– 26 желтоқсан.

Президент Н.Назарбаевтың ҚР Кәсіподақтар федерациясы кеңесінің мүшелерімен кездесуі туралы.

3006. Мүсіреп Ғ. Тәуелсіздік. Түркістан. Тұңғыш Президент /Ғ.Мүсіреп //Егемен Қазақстан.– 2000.– 20 қазан.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Түркістан қаласына қатысты шешімдері жайлы.

3007. Назарбаев Н.Ә. Ақтөбе облысындағы жұмыс қарқыны ерекше /Н.Ә.Назарбаев //Ақтөбе.– 2008.– 21 ақпан.– 3 б.

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Елеусін Сағындықовтың жұмысына жоғары баға берді.

3008. Назарбаев Н.Ә. “Біз әрбір отбасында ең болмағанда бір адамның жұмыс істеуіне қол жеткізуге тиіспіз” /Н.Ә.Назарбаев //Заң газеті.– 2006.– 18 сәуір (№68).– 1–2 б.

Елбасының облыстардың және Астана, Алматы қалалары әкімдерінің алдына қойған нақты тапсырмалары және ой-пікірлері.

3009. Назарбаев Н.Ә. ...Желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының ұлттық санасының қаншалықты өскенін көрсетіп берді /Н.Ә.Назарбаев //Азия Транзит.– 1997.– 16 желтоқсан.

3010. Наурыз нұрын шашқан күн //Астана ақшамы.– 2002.– 26 наурыз (№40).– 1, 2 б.
Астанада өткен Наурыз мерекесіне Елбасының қатысқандығы туралы.

3011. Несіпбаев Т. Қазақ тілін оқыту емес, қазақ тілінде оқыту маңызды /Т.Несіпбаев //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 8 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы Қазақ аграрлық ун-тіндегі келелі әңгімеге орай.

3012. Нұр-Алтай. Елбасы әкімдермен кездесті /Нұр-Алтай //Астана хабары.– 2006.– 15 сәуір (№50–51).– 1 б.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Ақордада облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен өткізген кеңесі туралы.

3013. Нұр-Алтай. Елбасы елімізді ораза айтымен құттықтады /Нұр-Алтай //Астана хабары.– 2006.– 24 қазан (№184).– 1 б.

3014. Нұрасыл Б. Мерекеге ерекше сый жасалды /Б.Нұрасыл //Алаш айнасы.– 2009.– 4 шілде (№110).– 2 б.

Астанада локомотивтер құрастыратын зауыттың ашылуы жайында.

3015. Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Қазақстанның қуат құрылымдары қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар мен әскери айрықша белгілерін тапсырды //Алаш орда.– 2009.– 8 мамыр (№19).– 2 б.

3016. Нұрсұлтан Назарбаев: “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” //Қазақ әдебиеті.– 2006.– 26 мамыр (№116).– 1, 4–5 б.

“Ана тілі” газетінде жарияланған Елбасының сұхбатына орай зиялы қауымның ой-пікірлері.

3017. Нұрсұлтан Назарбаев: Ауыл мен қала арасындағы үлкен айырмашылықты қысқартуға тиіспіз //Дала мен қала.– 2007.– 8 наурыз (№10).– 2–3 б.

Үкімет үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен Агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша республикалық кеңес болып өтті.

3018. Нұрсұлтан Назарбаев: Әкім қашанда халықпен бірге болуы тиіс /“Астана-ақпарат” //Астана ақшамы.– 2002.– 26 қаңтар (№13).– 1 б.

25 қаңтарда ҚР Президентінің қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісі туралы.

3019. Нұрсұлтан Назарбаев: Әр отбасы, әр адам ағаш отырғызуды берік дәстүрге енгізуі керек //Атамекен.– 2006.– 5 маусым (№11).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаев Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында Астана маңындағы “Ақ қайың” орман тұқымы бағында болды.

3020. Нұрсұлтан Назарбаев: Біздің міндетіміз – мықты мемлекет құру //Жас алаш.– 2001.– 6 қыркүйек (№107).– 1 б.

Депутаттар мен Үкімет мүшелеріне Н.Назарбаевтың 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жауапты тапсырмасы.

3021. Нұрсұлтан Назарбаев: Жалғыз жер байлығына қарап қалмауымыз керек //Нұр-Астана.– 2008.– 5–12 маусым (№23).– 2 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бір топ БАҚ өкілдерімен сұхбатындағы көтерілген мәселелердің бірі еліміздегі мұнай-газ саласына арналған пікірлер.

3022. Нығметұлы Д. Идеология – қоғамдық қатынастардың құрамдас бөлігі //Д.Нығметұлы //Ақиқат.– 1994.– №8.– 3–7 б.

Президент Н.Назарбаевтың идеологиялық көзқарасы туралы.

3023. Омарова Г. Елбасы жер туралы /Г.Омарова //Түркістан.– 2003.– 12 маусым (№24).– 2 б.

Н.Назарбаевтың әр кездесу, отырыстарда жер туралы айтқандары.

3024. Он бір міндетті орындау – міндет //Жас алаш.– 2001.– 1 ақпан.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында атқарылуға тиіс 11 тапсырмасы туралы.

3025. Оразалин Н. Қазақстанға қайта ашылған Америка /Н.Оразалин //Егемен Қазақстан.– 1994.– 22, 24 ақпан; 5 наурыз.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-қа сапары туралы.

3026. Оразбекұлы Қ. Елбасы Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне алтын әріптермен жазылған құран сыйлады /Қ.Оразбекұлы //Жас алаш.– 2000.– 27 сәуір.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың сыйлығы туралы.

3027. Осипов В. Өзге ұлттың өкілі де қазақ тілін білуі үйреншікті іске айналсын /В.Осипов //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 3 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы пікірі.

3028. Осман А. Мемлекеттік тіл – татулық пен келісімнің кепілі /А.Осман //Жетісу.– 2010.– 2 наурыз (№29).– 2 б.

Елбасының тіл саясаты туралы.

3029. “Отан” орденін табыс етті //Президент және Халық.– 2007.– 21 қыркүйек (№38).– 2 б.

Белгілі қоғам және саяси қайраткер Б.Әшімовтің 90 жасқа толуына орай Елбасы Н.Назарбаев “Отан” орденімен марапаттады.

3030. Өз заманының перзенті болған ұлы тұлға //Түркі әлемі.– 2008.– тамыз – қыркүйек (№8/9).– 3 б.

Д.Қонаевтың қайтыс болған күніне орай айтылған Елбасы Н.Назарбаевтың ой-пікірі.

3031. Өзбекәлі Жәнібеков: Белгілі қоғам қайраткері: 1931–1998: Некролог /Қол қойғандар: Н.Назарбаев, Н.Балғымбаев, Ә.Кекілбайұлы және т.б. //Егемен Қазақстан.– 1998.– 24 ақпан; Оңтүстік Қазақстан.– 1998.– 25 ақпан.

3032. Өмірбек О. Қабылдауда қат-қабат мәселелер қозғалды /О.Өмірбек //Егемен Қазақстан.– 2000.– 28 шілде.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың өз резиденциясында жұртшылық өкілдері Р.Вашенко, Ж.Солтиева мен М.Тағаевтарды қабылдағандығы туралы.

3033. Президент мемлекеттік рәміз авторларына жоғары мәртебелі куәліктер тапсырды /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1994.– 23 сәуір.

3034. Президент наградалар тапсырды /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1994.– 1 қараша.
1994 жылы қазанның 31-інде Н.Назарбаевтың өз резиденциясында жазушылар тобына, ғалымдарға және ғарышкерге жоғары өкімет наградасын тапсырғандығы туралы.

3035. Президенттің 10 тапсырмасы //Ана тілі.– 2005.– 3 ақпан (№5).– 1, 3 б.
31 қаңтарда Елбасы Н.Назарбаев Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесін өткізуі туралы.

3036. Пірназар С. Көкарал кеудесін көтерді /С.Пірназар //Егемен Қазақстан.– 2005.– 6 тамыз (№173).– 1, 2 б.
Президенттің Аралды құтқару жөніндегі маңызды тапсырмасы орындалуда.

3037. Рамазанов Т. Жаңартылған вокзал жанға жайлы /Т.Рамазанов //Астана ақшамы.– 1999.– 7 тамыз.
ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Астана қаласындағы темір жол вокзалын аралауы туралы.

3038. Рухани байлық пен мәдениет – қоғамның басты құндылықтары /”Егемен-ақпарат” – ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 2000.– 18 ақпан.
ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Алматы қаласы жұртшылығымен және шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен, оңтүстік астана әкімшілігінің жауапты қызметкерлерімен кездесуі.

3039. Рысдәулет М. Нұрсұлтан Назарбаев: “Тараз – рухани байлығымыздың алтын дінгегі” /М.Рысдәулет //Егемен Қазақстан.– 2002.– 24 сәуір (№88/91).– 3 б.

3040. Сабағатұлы С. Мемлекет басшыларының аллеясы ашылды /С.Сабағатұлы //Егемен Қазақстан.– 1996.– 25 сәуір.– 1 б.
Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта мемлекет басшылары аллеясының тұсаукесерін ашқандығы туралы.

3041. Сағат Е. Нұрсұлтан Абайды көтерді, елдің де парызы өтелді /Е.Сағат //Алматы ақшамы.– 1995.– 18 тамыз.
Жидебай мен Қарауылтөбеде өткен Абай тойы жайында.

3042. Сағат Е. Нұрсұлтан Назарбаев: “Әсемденген Алматы үлкен халықаралық форумдардың орталығы бола береді” /Е.Сағат //Алматы ақшамы.– 2002.– 1 маусым (№59).– 1 б.
Елбасы 30 мамыр күні Алматы қаласында Аэропорт ғимаратының құрылыс нысанында, “Алматы-II” темір жол бекетінде атқарылып жатқан іс басында болғандығы туралы.

3043. Сағын Х. Ұлтымыз үшін жаңа кезең басталды /Х.Сағын //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 11 б.
Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы.

3044. Садыхан М. Ауылдағы оң өзгерістер басым сипат алуы тиіс /М.Садыхан, С.Мұса, Н.Мыңбай //Егемен Қазақстан.– 2000.– 9 ақпан.

Президент Н.Назарбаевтың Астана қаласында өткен Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесінде сөйлеген сөзі туралы.

3045. Садыхан М. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран /М.Садыхан //Егемен Қазақстан.– 1999.– 11 мамыр.

Президент Н.Назарбаевтың Астана қаласында өткен Жеңіс мерекесінің шараларына қатысып, ардагерлермен кездескендігі жайлы.

3046. Садыханов М. Ерлікке тағзым /М.Садыханов //Егемен Қазақстан.– 1998.– 9 мамыр.

Президент Н.Назарбаевтың Астана қаласындағы 2-дүниежүзілік соғыста құрбан болған жауынгерлерге арналған ескерткіш-монументке гүлшоқтарын қойғандығы жайында.

3047. Садыханұлы М. Ардагер – алтын тұғыр /М.Садыханұлы //Астана ақшамы.– 2003.– 3 шілде.– 1 б.

Президент Астанада республикамыздың әр жерінен келген ардагерлермен кездесті.

3048. Садыханұлы М. “Бай болсаң, елге пайдаң тисін!” /М.Садыханұлы //Дала мен қала.– 2009.– 7 желтоқсан (№48).– 1 б.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев “Парыз-2009” конкурсының жеңімпаздарын марапаттады.

3049. Садыханұлы М. Елбасы Қазақстанның “Атымтай Жомарттарын” марапаттады /М.Садыханұлы //Экономика.– 2009.– 10–16 желтоқсан (№49).– 3 б.

“Парыз-2009” конкурсының жеңімпаздарын марапаттау.

3050. Салқынов С. Н.Назарбаев тәуелсіздік қарсаңында елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал туралы /С.Салқынов //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. историческая.– 2006.– №1(40).– 46–49 б.– Библиогр.: 3 атау.

3051. Саматұлы Н. Елбасы айтпаса, елемей ме екен? /Н.Саматұлы //Ана тілі.– 2002.– 14 ақпан.– 1 б.

Президент Н.Назарбаевтың БАҚ өкілдерімен кездесуі, жаңа Үкіметтің алғашқы мәжілісінде сөйлеген сөзінен, Тіл заңының орындалуы жайында.

3052. Самрат Ж. Ерлік ешқашан ескірмейді /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2007.– 11 мамыр (№122/123).– 1, 4 б.

Астанада Отан қорғаушылар алаңында Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін атап өтті.

3053. Самрат Ж. Жақсы жетістіктер еске алынып, ізгі тілектер айтылды /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2007.– 28 желтоқсан (№396/397).– 1 б.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Астанада бір топ жұртшылық өкілдерін қабылдады.

3054. Самрат Ж. Жеңіс сарбаздарына құрмет /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2004.– 8 мамыр (№121).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаев Қорғаныс министрлігінің салтанат залында Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін, Қазақстан әскері мен құқық қорғау органдары басшыларын Ұлы Жеңістің 59 жылдық мерекесімен құттықтауы жайында.

3055. Самрат Ж. Қажырлы қызметтері құрметтелді /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2008.– 16 желтоқсан (№391/396).– 1 б.

ҚР Президенті Н.Назарбаев бір топ азаматқа Отан алдындағы ерен еңбектері үшін мемлекеттік наградалар тапсырды.

3056. Самрат Ж. Қарсы алды Астана Наурызды шаттана! /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2009.– 25 наурыз (№112/113).– 1, 4 б.

Астана қаласында өткен Наурыз мейрамына ҚР Президенті Н.Назарбаев қатысты.

3057. Самрат Ж. Ұйымдар қызметіне ұғынықты көзқарас /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2005.– 2 сәуір.

Кеше Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өкілдерімен кездесті.

3058. Самрат Ж. Ұлы Жеңісті жақындатқандармен жүздесті /Ж.Самрат //Егемен Қазақстан.– 2009.– 13 мамыр (№168/169).– 1 б.

ҚР Президентінің Астанадағы “Отан-Ана” монументі жанында соғыс ардагерлерімен кездесуі туралы.

3059. Сарбалаұлы Б. Ұлысты құтқарған үш күдірет /Б.Сарбалаұлы //Қазақ елі.– 1999.– 9–22 сәуір.– 1, 3 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 1999 жылы 31 наурызда Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзіне орай Елбасы атына жазылған хат-хабар.

3060. Сартаев С. “Басқарудың президенттік формасы Қазақстан үшін аса тиімді” /С.Сартаев; әңгімелескен М.Тоқашбаев //Президент және Халық.– 2006.– 6 қаңтар (№1).– 5 б.

Академикпен еліміздегі басқарудың президенттік формасы туралы сұхбат.

3061. Сарыбай Б. Қайсарлықтың рухы /Б.Сарыбай //Дала мен қала.– 2006.– 12 мамыр (№18).– 1, 2 б.

Жеңіс күні Елбасы Н.Назарбаев 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы мәңгілік алауға қала халқымен бірге салтанатты жағдайда гүлшоқтарын қойды.

3062. Сатыбалдин Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың АӨК қызметкерлерінің республикалық кеңесінде сөйлеген сөзіне байланысты агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми жағынан қамтамасыз етуді жетілдіре түсу шаралары туралы /Ә.Сатыбалдин //Жаршы.– 1997.– №3.– 3–22 б.

3063. Сәрсембина Б. “Мен баяғының хандары сияқты сауатсыз халықты емес, сауатты халықты басқарып отырмын” – дейді Президент Н.Назарбаев /Б. Сәрсембина //Жас алаш.– 2005.– 14 мамыр.

3064. Сәрсенов Ә. Пирамиданың ұшар биігінде парасат /Ә.Сәрсенов //Егемен Қазақстан.– 2009.– 26 маусым (№218/220).– 2 б.

ҚР Президентінің Қазақстан тәуелсіздігін нығайтудағы тың қадамдары.

3065. Сәттібайұлы К. Нұрсұлтан Назарбаев: Көнеден жеткен көркем шаһар /К.Сәттібайұлы //Жас алаш.– 2002.– 1 қазан (117).– 1, 4 б.

Елбасының Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған тойына қатысуы туралы.

3066. Сейілбекқызы А. Алматы ажарлана түсетін болады /А.Сейілбекқызы //Заң газеті.– 2006.– 14 наурыз (№44).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаев Алматы қаласының бас жоспарымен танысты.

3067. Сенбай Е. Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақтың жері – түрік мемлекеттерінің бастауы /Е.Сенбай //Айқын.– 2009.– 9 қазан (№188).– 1, 2 б.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Түркия Республикасының негізін қалаушы М.Кемал Ататүрікке арналған ескерткіштің ашылу салтанаты болды.

3068. Серікқызы Ә. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: Ұлттың күші мен салауатты рухы бәсекелестікте табысқа жетудің маңызды шарты /Ә.Серікқызы //Президент және Халық.– 2007.– 28 желтоқсан (№52).– 1 б.

Елбасы Н.Назарбаевтың еліміздің әр өңірінен келген өкілдерді қабылдауы туралы.

3069. Сыздық Р. Қамалымыз берік болсын деп... /Р.Сыздық //Ана тілі.– 2006.– 25–31 мамыр (№22).– 5 б.

Елбасының “Ана тілі” газетіне 11 мамырда берген “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” атты сұхбаты туралы пікірі.

3070. Тайжан Б. “Халық абыржымысын, зардап шеккендерге көмек болады” /Б.Тайжан //Егемен Қазақстан.– 2005.– 20 наурыз (№55–58).– 1 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осындай қамқор сөзін естіген ел адамдары қиындықта өздерінің ұмыт қалмасына нық сеніп отыр.

3071. Тасболатов А. Арғы бетін Есілдің, бергі бетпен жалғаған /А.Тасболатов //Егемен Қазақстан.– 2007.– 3 шілде (№185/186).– 1 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Астанадағы Есіл өзені арқылы өтетін М-2 автокөлік көпірін және Мұңайтпасов пен Гумилев көшелерін жалғастыратын жаңа жолайрықты пайдалануға беру рәсіміне қатысып, тұсауын кесті.

3072. Тәжин М. Бұл баяндама – Елбасының ерен табысы /М.Тәжин //Егемен Қазақстан.– 2005.– 6 қыркүйек (№204).– 4 б.

Президент Н.Назарбаевтың ҚР Парламенті 2-сессиясының ашылуында сөйлеген бағдарламалық мәні бар сөзінде қозғалған мәселелерді талдайды.

3073. Тәжібаев Б. “Ақ алтынның” алпауыттары: Елбасының ескертуін елемеуге көшті /Б.Тәжібаев //Алтын орда.– 2005.– 14–20 қазан (№41).– 26–27 б.

Оңтүстік Қазақстан облысы мақташыларының мұң-мұқтажы.

3074. “Тәуелсіздік таңы” //Алматы ақшамы.– 2006.– 19 қыркүйек (№109).– 1, 3 б.

Алматыда өткен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған “Тәуелсіздік таңы” атты ескерткіштің салтанатты ашылу рәсіміне Н.Ә.Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

3075. Тәуелсіз Қазақстандағы тұңғыш халық санағына белсенділікпен қатысу – еліміздің әрбір азаматының тікелей парызы /ҚазТАГ //Егемен Қазақстан.– 1999.– 25 ақпан.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың республика азаматтарына арнап үндеу жолдағандығы туралы.

3076. Тәуелсіздік тұғыры биіктеп барады /“Егемен Қазақстан” тілшілер тобы //Егемен Қазақстан.– 2002.– 19 желтоқсан (№293).– 1 б.

